«АБАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ»
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«УПРАВЛЕНИЕ ОБРАЗОВАНИЯ
ОБЛАСТИ АБАЙ»

**БҰЙРЫҚ** **ПРИКАЗ**

18 шілде 2024 ж. № 01-03/131

Семей қаласы город Семей

**Абай облысы бойынша олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6-бабы 13 тармақшасы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Абай облысы бойынша олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесі осы бұйрыққа *1, 2-қосымшаларға* сәйкес бекітілсін.

2. Абай облысының білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби шеберлігін айқындау мақсатында байқаулар, сайыстар, фестивальдар өткізу және ұйымдастыру бойынша жауапкершілік «Облыстық инновациялық-әдістемелік орталық» КММ директоры м.а. А. С. Исабаеваға жүктелсін.

3. Абай облысының білім беру ұйымдары білім алушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық олимпиадалар мен шығармашылық байқаулар, орындаушылар конкурстарын, кәсіби шеберлік конкурстар, конференциялар, семинарлар және спорттық жарыстар өткізу және ұйымдастыру бойынша жауапкершілік «Абай облысының білім басқармасы» ММ «Дарындылық пен қосымша білім беруді дамытудың облыстық ғылыми – әдістемелік «Дарын» орталығы» КМҚК директоры С. С. Оспановаға жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басшы** **Н. Ахметкалиев**

000193